

Бейнеу ауданының Қоғамдық кеңесі отырысының ХАТТАМАСЫ

12.01.2023 жыл
Сағ: 15.00

№ 1

Бейнеу ауылы

Өткізілген жері: Аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залы.

Қатысқандар: Бейнеу ауданының Қоғамдық кеңесі мүшелері.

Құрметті отырысқа қатысушылар!

Бүгінгі отырысқа Бейнеу ауданының Қоғамдық кеңесі мүшелерінің 12 (он екі) мүшесі қатысып отыр. Қалған 3 (үш) мүшесі белгілі себептермен қатыса алмай отыр. Қатысып отырған Қоғамдық кеңес мүшелерінің саны отырысты ашуға мүмкіндік береді. Сондықтан отырыс ашылсын деген Қоғамдық кеңес мүшелері дауыс берулеріңізді сұраймын?

Жақтағандар: 12 (он екі) адам (қарсы жоқ, қалыс қалған жоқ).

Олай болса отырысты ашық деп жариялаймын.

Отырыстың күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылып отыр:

«Бейнеу ауданы әкімдігінің «Жария сервитут белгілеу туралы» қаулысының жобасын талқылау.

Күн тәртібіндегі мәселеге қосып алатындарыңыз бар ма?

Жоқ болса, күн тәртібі бекітілсін деген Қоғамдық кеңес мүшелері дауыс берулеріңізді сұраймын?

Жақтағандар: 12 (он екі) адам (қарсы жоқ, қалыс қалған жоқ).

Күн тәртібі бекітілді.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға көшеміз.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша аталған қаулының жобасы электронды пошталарыңызға жіберілді. Осы аталған қаулының жобасына байланысты ұсыныстар мен пікірлер жоқ болса келісемін деген Қоғамдық кеңес мүшелері дауыс берулеріңізді сұраймын?

Жақтағандар: 12 (он екі) адам (қарсы жоқ, қалыс қалған жоқ).

Олай болса, күн тәртібіндегі мәселе бойынша аталған қаулының жобасы келісілді.

Қарар қабылданды:

Құрметті отырысқа қатысушылар Қоғамдық кеңес күн тәртібіндегі мәселені толықтай қарап келесідей қарар етеді:

1. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі №480-V «Құқықтық актілер туралы» Заңының 20 бабының 2 тармағына сәйкес, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтірмейтінін, сонымен қатар нормативтік құқықтық акт түрінде қабылдауы тиіс екендігі жөнінде Бейнеу аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Қ.Кенешовке хабарлансын.

2. Хатты жолдау Қоғамдық кеңес хатшысы Қ.Бортановаға жүктелсін.

Қоғамдық кеңес төрағасы



Т.Амалбаев

Қоғамдық кеңес хатшысы



Қ.Бортанова